

Қазақстан Республикасы экология және
табиғи ресурстар министрлігі



«Қазгидромет» РМК

2025 ж. «23» қыркүйек күніне арналған

**Қазақстан Республикасының таулы аймақтары бойынша жауын-шашындық генезисі
бар сел қаупінің күнделікті бюллетені №98**

(Бюллетеньнің қолданылу мерзімі: 2025 жылғы 22 қыркүйек сағат 20:00-ден 23 қыркүйек сағат 20:00-ге дейін)

құрастырылған күні: 22.09.2025 ж.

Мекен жайы: Алматы қ., Абай көшесі, 32
Астана қ., Мәңгілік ел,

Сел үдерістерін зерттеу және
селді болжау басқармасының
басшысы:

Яфязова Р.

тел.: 8(727) 267-53-38

e-mail: seli@meteo.kz

Кезекші синоптик:

Алданбергенова А.

тел.: 8(7172) 79-83-75

e-mail: ukpp@meteo.kz

2025 жылғы «23» қыркүйекке
Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жаңбыр генезисті сел қауіптілігі туралы Кеңес беру

Облыстар	Сел қауіп бар аудандар	Гидрометеорологиялық жағдай
Алматы	Іле Алатауы	Қар жамылғысы 3200 м биіктік шамасында және одан жоғары жатыр. Нөлдік изотерма таңғы сағат 5-те 4310 м биіктікте болды. Орташа тәуліктік ауа температурасы 4,8-5,5 °С өсті, биік таулы аймағында 3,7 °С. Өзендердегі су деңгейінің айтарлықтай өсуі байқалмайды. Кей уақытта жауын-шашын, күндіз қатты жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) (1-25 мм). Іле Алатауында аласа таулы аймағында қарқынды ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі жоққа шығарылмайды. Сел қауіпті ауданда тәртіп ережесін сақтаңыз.
	Күнгей Алатауы	Қар жамылғысы 3000 м биіктік шамасында және одан жоғары жатыр. Орташа тәуліктік ауа температурасы 1,5 °С өсті. Өзендердегі су деңгейінің айтарлықтай өсуі байқалмайды. Кей уақытта жауын-шашын, күндіз қатты жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) (1-20 мм). Қарқынды ұзаққа созылған жауын-шашын кезінде Күнгей Алатауында аласа таулы аймағында селдердің түзілуі жоққа шығарылмайды. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз.
	Теріскей Алатау	Қар жамылғысы 3500 м биіктіктен жоғары жатыр. Орташа тәуліктік ауа температурасы 1,3 °С өсті. Өзендердегі су деңгейінің айтарлықтай өсуі байқалмайды. Кей уақытта жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) (1-14 мм). Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
Жетісу	Жетісу Алатауы	Қар жамылғысы 2500 м биіктік шамасында және одан жоғары жатыр. Жетісу Алатауының солтүстік-батыс бөлігінде орташа тәуліктік ауа температурасы 0,3 °С өсті; батыс бөлігінде 0,5 °С. Өзендердегі су деңгейінің айтарлықтай өсуі байқалмайды. Жаңбыр, күндіз кей жерлерде қатты жаңбыр (1-29 мм), найзағай. Жетісу Алатауында аласа таулы аймағында қарқынды ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз.
Жамбыл	Қырғыз Алатауы	Қар дақтары 3000 м биіктіктен жоғары жатыр. Орташа тәуліктік ауа температурасы 1,8 °С өсті. Өзендердегі су деңгейінің айтарлықтай өсуі байқалмайды. Кей жерлерде жаңбыр, найзағай, күндіз кей уақытта қатты жаңбыр (1-16 мм), бұршақ, дауыл болады. Қырғыз және Талас Алатауында орташа таулы аймағында қарқынды ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз.
	Талас Алатауы	
Түркістан	Талас Алатауы	Қар дақтары 3000 м биіктіктен жоғары жатыр. Орташа тәуліктік ауа температурасы 0,3 °С өсті. Өзендердегі су деңгейінің айтарлықтай өсуі байқалмайды. Жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Өгем жотасы	
Маңғыстау	Маңғыстау таулары	Орташа тәуліктік ауа температурасы 2,8 °С төмендеді. Жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.

Абай	Тарбағатай	Қар дақтары 2500 м жуық және одан жоғары жатыр. Орташа тәуліктік ауа температурасы өзгеріссіз. Жаңбыр, кей жерлерде қатты жаңбыр (1-18 мм), күндіз найзағай, бұршақ. Тарбағатайда орташа таулы аймағында қарқынды ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз.
Шығыс Қазақстан	Сауыр	Қар жамылғысы 3000 м жуық және одан жоғары жатыр. Орташа тәуліктік ауа температурасы 0,5 °С өсті. Жаңбыр (1-14 мм). Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Қазақстандық Алтай	Қар жамылғысы 2000 м жуық және одан жоғары жатыр. Қазақстандық Алтайдың солтүстік-батыс бөлігінде орташа тәуліктік ауа температурасы 1,3 °С өсті; оңтүстік-шығыс бөлігінде 1,1 °С төмендеді. Жаңбыр, кей жерлерде қатты жаңбыр (1-18 мм), күндіз бұршақ. Қазақстандық Алтай тауларында аласа таулы аймағында қарқынды ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі жоққа шығарылмайды. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз.

Жаңбыр генезисті сел қауіптілігінің деңгейі (1 Қосымша)

!!! Ескерту: Сел қауіпті ауданда тәртіп ережесін сақтаңыз (2 Қосымша)

Жаңбыр генезисті сел қауіптілігінің деңгейі

Сел қауіптілігінің деңгейлері	Сел қауіптілігінің деңгейін анықтайтын факторлар	Қауіптілік дәрежесі	Қорғау шаралары
	Маусымдық қар сызығы жайғасуының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының жоғары мәндері; болжамды сұйық жауын-шашын мөлшері ≥ 30 мм (өте қатты жаңбыр) немесе нақты жауған сұйық жауын-шашын мөлшері ≥ 40 мм	Халық пен шаруашылық нысандары үшін үлкен қауіп	Мемлекеттік басқару органдары мен халықты хабардар ету.
	Маусымдық қар сызығы жайғасуының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының жоғары мәндері; болжамды сұйық жауын-шашын мөлшері 15-29 мм (қатты жаңбыр)	Халық пен шаруашылық объектілері үшін потенциалды қауіп	Мемлекеттік басқару органдары мен халықты хабардар ету.
	Маусымдық қар сызығы жайғасуының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының салыстырмалы түрде төмен мәндері; болжамды сұйық жауын-шашын мөлшері 15-29 мм (қатты жаңбыр)	Төмен таулы аймақта селдің пайда болу аймағында адамдар үшін потенциалды қауіп	Мемлекеттік басқару органдарына және халыққа хабарлау.
	Төмен ауа температурасы, топырақтың ылғалдылығы, сұйық жауын-шашынның болмауы.	Қауіптілік жоқ	Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтау, «Абайлаңыз, сел қауіптілігі бар телім» ескерту қалқандарын назарға алу

Сел қауіптілігінің белгілері және Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелері

Тауларға бару және онда болу жоспарланғанда, ауа райының өзгерістерін және дауылды ескертулерді бақылау қажет. Сел қауіпі туындаған жағдайда, сел қауіпі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтау керек. Сел ағынының тереңдігі 40-50 м жетуі мүмкін (әсіресе арнаның бұрылыстарында), ағынның қозғалу жылдамдығы-5-10 м/с және одан жоғары (жекелеген жағдайларда 15-20 м/с дейін) болады. Егер адам сел ағынына түссе, өлімге алып келуі сөзсіз, сондықтан қауіпсіздік шараларын сақтау ерекше мәнге ие болады.

Қатты жауын-шашынның түсуінен туындаған сел қауіптілігінің белгілері

- ✓ Өзендегі судың шығыны мен лайлылығының күрт артуы.
- ✓ Өзен арнасының жоғарғы бөлігінде балшық шаңы бұлтының және гүрілдің пайда болуы.
- ✓ Селге жақын жерде топырақ беткейін шайқау.

Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелері

- ✓ Өзен арнасына (жайылмасына), құрғақ арнаға және көл бөгетіне жақын жерде демалуға және шатырлы лагерь құруға болмайды.
- ✓ Бақылаушыны алға қойыңыз, сонда ол алда не болып жатқанын көреді және төнген қауіп туралы ескертеді, сонымен қатар өзеннен су алуға барғанда.
- ✓ Сұйық жауын-шашынның қарқынды түсуі және сел қауіптілігінің басқа да белгілері кезінде өзен арнасынан (жайылмасынан), құрғақ арнадан алыстау және аңғардың баурайы бойынша 40-50 м жоғары көтерілу.
- ✓ Сел өткен кезде одан өзен арнасының бойымен қашуға болмайды, аңғардың баурайы бойымен 40-50 м жоғары көтерілу керек (сел тасқынынан тастар ұшуы мүмкін).
- ✓ Тік жартастар мен тік беткейлердің астында тоқтамаңыз (топырақ беткейінің шайқалуынан, сел жақын жерде, құламалар мен тастың түсуі болуы мүмкін).
- ✓ Сел өткеннен кейін өзен арнасына түспеу, өйткені арнада сел қайта қалыптасу мүмкін.
- ✓ Сел жүріп өткеннен соң беткейлердің сырғуынан, үзілген немесе салбырап тұрған электр сымдарынан, бүлінген газ магистралынан абай болған жөн.

2025 жылғы «23» қыркүйекке
ҚР таулы аудандары бойынша ауа-райы болжамы

Іле Алатау	Кей уақытта жауын-шашын, күндіз қатты жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) (1-25 мм). Жел оңтүстік-батыстан солтүстік-батыс бағытқа ауысады, күші 9-14, екпіні 15-20, кей уақытта 25 м/с. 2000 м: Ауа температурасы түнде және күндіз 7-12 градус жылы, күндіз ары қарай төмендеумен. 3000 м: Ауа температурасы түнде және күндіз 2-7 градус жылы, күндіз ары қарай төмендеумен.
Күнгей Алатау	Кей уақытта жауын-шашын, күндіз қатты жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) (1-20 мм). Жел оңтүстік-батыстан солтүстік-батыс бағытқа ауысады, күші 9-14, екпіні 15-20, кей уақытта 25 м/с. Ауа температурасы түнде 2-7, күндіз 7-12 градус жылы.
Теріскей Алатау	Кей уақытта жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) (1-14 мм). Жел оңтүстік-батыстан солтүстік-батыс бағытқа ауысады, күші 9-14, екпіні 15-20, кей уақытта 25 м/с. Ауа температурасы түнде 2-7, күндіз 7-12 градус жылы.
Жетісу Алатау	Жаңбыр, күндіз кей жерлерде қатты жаңбыр (1-29 мм), найзағай. Түнде және таңертең тұман. Оңтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14, күндіз кей жерлерде екпіні 15-20 м/с. 2000 м: Ауа температурасы түнде 0-5, күндіз 1-6 градус жылы. 3000 м: Ауа температурасы түнде және күндіз 0-5 градус жылы.
Қырғыз Алатау	Кей жерлерде жаңбыр, найзағай, күндіз кей уақытта қатты жаңбыр (1-16 мм), бұршақ, дауыл болады. Оңтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20, екпіні 23 м/с. Ауа температурасы түнде 4-9, күндіз 15-20 градус жылы.
Талас Алатау (Жамбыл облысы)	Кей жерлерде жаңбыр, найзағай, күндіз кей уақытта қатты жаңбыр (1-16 мм), бұршақ, дауыл болады. Оңтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20, екпіні 23 м/с. Ауа температурасы түнде 4-9, күндіз 15-20 градус жылы.
Талас Алатау (Түркістан облысы)	Жауын-шашынсыз. Солтүстік-батыстан жел соғады, күші 8-13 м/с. Ауа температурасы түнде 5-10, күндіз 15-20 градус жылы.
Өгем жотасы	Жауын-шашынсыз. Солтүстік-батыстан жел соғады, күші 8-13 м/с. Ауа температурасы түнде 7-12, күндіз 17-22 градус жылы.
Маңғыстау таулары	Жауын-шашынсыз. Солтүстік-батыстан жел соғады, күші 7-12 м/с. Ауа температурасы түнде 8-13, күндіз 22-27 жылы.
Сауыр	Жаңбыр (1-14 мм). Түнде және таңертең кей жерлерде тұман. Оңтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 5-10, кей жерлерде 2, күндіз 10-15 градус жылы.
Тарбағатай	Жаңбыр, кей жерлерде қатты жаңбыр (1-18 мм), күндіз найзағай, бұршақ. Солтүстік-батыстан, батыстан жел соғады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20, екпіні 23 м/с. Ауа температурасы түнде 5-10, кей жерлерде 13, күндіз 13-18 градус жылы.
Қазақстандық Алтай	Жаңбыр, кей жерлерде қатты жаңбыр (1-18 мм), күндіз бұршақ. Түнде және таңертең кей жерлерде тұман. Оңтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20, екпіні 23 м/с. Ауа температурасы түнде 5-10, кей жерлерде 2, күндіз 13-18, кей жерлерде 10 градус жылы.